

**«6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша  
Темербулатова Жансая Сериковнаның  
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациясына**

**АНДАТПА**

**«Жаһандану жағдайында ұлттық экономикалардың бәсекеге  
қабілеттілігіне макроэкономикалық факторлардың әсерін бағалау»**

**Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық зерттеу ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне макроэкономикалық факторлардың әсерін бағалауға және жаһандану процестері жағдайында Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Технологиялардың жылдам өзгеруіне, ғылыми ақпараттардың көлемі мен жылдамдығының артуына, жоғары технологияларды өндіріс құралы ретінде белсенді қолдануға негізделген заманауи жаһандану үдерістерінің динамикасы бүгінде COVID-19 пандемиясы және жеке адамдар, аймақтар ғана емес, сонымен бірге елдердің бірегей құлыптау әрекеттері аясында жүруде. Бір сәтте дүние жүзі бойынша жұмыс күшінің, ақша мен тауарлардың ағымын тоқтатқан пандемия экономикаға өсудің баяулауы тұрғысынан әсер етіп, тауар айналымының төмендеуіне және кедейліктің артуына алып келді. Жүргізіліп жатқан өзгерістер адамзат өркениетінің жаңа даму парадигмасына өтуін мәжбүрлеп, сол арқылы мемлекеттің жаңа сын-қатерлерге бейімделуі мен бәсекеге қабілеттілігін анықтайды, оны ел Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев 2020 жылғы Жолдауында ұлт үшін тарихи мүмкіндік ретінде пайдалануға шақырды. Осылайша, әлемдік экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің жаңа сапасының қажеттілігі туралы айтуға болады, бұл жаһандық әлем қарама-қайшылықтарында елдің өмір сүру деңгейіне нақты әсер ететін жаңа макроэкономикалық факторларды нақтылау және бағалау қажеттілігін анықтайды.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру – бұл мақсат емес, бірден бір мақсат – халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін бәсекеге қабілеттілікті арттыру. Осы себепті әлемнің барлық елдері үшін осы күрделі кезеңде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі ерекше маңызды.

Қазақстанды әлемдік экономиканың заманауи жүйесіне тиімді ілгерілету үшін бәсекеге қабілеттілік саласында алға жылжу, өндірістің негізгі факторларын пайдалануды жетілдіру және елдегі жалпы экономикалық жағдайларды жақсарту қажет. Бұл прогресті қамтамасыз етуде мемлекет маңызды рөл атқарады. Сонау 2006 жылы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» қабылданды. Бұл стратегия елдің Дүниежүзілік экономикалық форумы шығарған Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексындағы жағдайына қатысты. 2013-2015 жылдары бұл міндет іс жүзінде жүзеге асырылғанына қарамастан, кейінгі жылдары әлемнің басқа

елдері Қазақстанға қарағанда тезірек дамыды, бұл халықаралық рейтингтегі позициялардың төмендеуіне әкелді. Еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде төмендеу себептерін анықтау – бәсекеге қабілеттілік деңгейіне әсер ететін факторларды анықтау және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін макродеңгейде шешімдер қабылдау үшін ұсыныстар әзірлеу қажет, бұл мемлекеттің, оның басқару аппаратының, сондай-ақ ұлттың бәсекеге қабілеттілігін анықтайды.

Осы мақсатқа жету және ұзақ мерзімді ұстанымдарды сақтау үшін Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды анықтау қажет. Сайып келгенде жақсартуды қажет ететін бәсекеге қабілеттіліктің көптеген аспектілері болғандықтан, басымдылық факторларды анықтау керек.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Диссертациялық жұмыстың мақсаты ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін маңызды макроэкономикалық факторларды бағалаудың кешенді тәсілі негізінде қазіргі заманғы жаһандану жағдайында ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша теориялық және әдістемелік тәсілдер мен практикалық ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер анықталды:

– ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін зерттеудің тұжырымдамалық негіздері мен жаңа теориялық және әдістемелік тәсілдерін зерттеу және «ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі» авторлық анықтамасын тұжырымдау;

– жаһандану жағдайында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін экономикалық факторларды анықтау;

– ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың қолданыстағы әдістері мен индикаторларын салыстыру және авторлық кешенді тәсілді негіздеу;

– ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне макроэкономикалық факторлардың әсерін эконометрикалық бағалауды жүргізу;

– Қазақстанның интеграциялық бірлестікке кіру әсерін бағалау;

– бәсекелік артықшылықтары бар салаларды анықтау және Қазақстан өңірлерінің бәсекеге қабілеттілігін бағалау;

– жаһандану жағдайында ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің басым бағыттарын анықтау;

– Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі шараларды тұжырымдау;

– Қазақстан өңірлерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу объектісі** – Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасы.

**Зерттеу пәні** макроэкономикалық факторлардың ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әсерін бағалау болып табылады.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.** Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін Дүниежүзілік экономикалық форумның

жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есептері, Менеджментті дамыту институтының әлемдік бәсекеге қабілеттілік туралы есептері, Дүниежүзілік банктің, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бәсекеге қабілеттілігін зерттеу, бәсекеге қабілеттілік мәселелерін зерттеуге бағытталған шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері құрды. Бәсекеге қабілеттілік факторларын зерттеу кезінде эконометрикалық, статистикалық, корреляциялық, салыстырмалы талдау әдістері, синтетикалық бақылау әдісі, индекстік әдіс және басқа да ғылыми зерттеу әдістері қолданылды.

**Зерттеудің ақпараттық базасы.** Диссертациялық зерттеудің ақпараттық базасы Дүниежүзілік банктің, Дүниежүзілік экономикалық форумның, Біріккен Ұлттар Ұйымының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің статистикалық деректері, сондай-ақ халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, мерзімді басылымдар мен интернет-ресурстар желілерінің материалдары болды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін макроэкономикалық факторлардың жиынтығын бағалаудың жүйелі тәсілінен және келесі жаңа нәтижелерге қол жеткізуден тұрады:

– эконометрикалық әдістер негізінде негізгі макроэкономикалық факторлардың және әлемдік мұнай бағасының ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әсері бағаланды;

– Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігіне барынша әсер еткен негізгі макроэкономикалық факторларды анықталды;

– елдің өңірлерін бәсекеге қабілеттілік деңгейіне қарай бағалау әдісі бейімделді және Қазақстанның өңірлік бәсекеге қабілеттілік индексі есептелді;

– жаңа синтетикалық бақылау әдісін қолдану арқылы Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуының әсері бағаланды;

– жаһандану жағдайында ұлттық экономикалардың, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің және Қазақстан өңірлерінің бәсекеге қабілеттілігін зерттеу нәтижелерін ескере отырып, бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру бойынша ұсыныстар әзірленді.

**Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:**

– «ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі» терминінің авторлық анықтамасы: бұл халықаралық бәсекелестікке ашық елдің және оның экономикалық субъектілерінің әлемдік нарықта өз тауарларын немесе қызметтерін өндіруге және сатуға қабілеттілігі, жоғары еңбек өнімділігі, ресурстарды тиімді пайдалану, азаматтардың жалпы капиталы мен кірістерінің тұрақты жоғары деңгейі;

– панельдік деректерді регрессиялық талдау негізінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне айтарлықтай әсер ететін макроэкономикалық факторлар анықталды: жалпы факторлық өнімділік, орташа еңбек өнімділігі, жалпы капиталды қалыптастыру, инфляция деңгейі,

төлем балансы және жұмыспен қамту. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің мәніне бақыланбайтын әлемдік мұнай бағасы және оның өсу қарқыны да әсер етеді;

– әлемдегі мұнай бағаларының құлдырауы, валютаның девальвациясы, ЕАЭО елдері 2015-2016 жылдары тап болған санкциялар сияқты макроэкономикалық және геосаяси сипаттағы көптеген проблемаларға қарамастан, синтетикалық бақылау әдісін пайдаланған талдау қатысушы елдер арасындағы сауда ағындарына интеграцияның оң әсерін көрсетті;

– эконометрикалық талдау, синтетикалық бақылау әдісі және өңірлік бәсекеге қабілеттілікті бағалау нәтижелері бойынша ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірленді.

### **Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша тұжырымдар:**

– Барлық анықтамаларды қорытындылай келе, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің келесі анықтамасын алуға болады. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі дегеніміз – халықаралық бәсекелестікке ашық елдің және оның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өз тауарларын немесе қызметтерін әлемдік нарықта өндіруге және сатуға қабілеттілігі, бұл жоғары еңбек өнімділігін, ресурстарды тиімді пайдалануды, өз азаматтарының жалпы капиталы мен кірістерінің тұрақты жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;

– Жаһандану жағдайында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне көптеген эндогендік және экзогендік макроэкономикалық факторлар әсер етеді. Шетелдік және отандық әдебиеттерге шолу көрсеткендей, қазіргі кезде бәсекеге қабілеттілік проблемасының жекелеген аспектілеріне арналған көптеген жұмыстарға қарамастан, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі, оған әсер ететін факторларды, соның ішінде сыртқы факторлар саласында жан-жақты зерттеулер жеткіліксіз;

– Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың қолданыстағы әдістерін талдап, жаһандану жағдайында елдің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін көптеген факторларды ескере отырып, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың жалпыдан спецификаға дейінгі авторлық кешенді әдіс ұсынылды, ол келесі кезеңдерді қамтиды: макроэкономикалық факторлардың ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ету дәрежесін анықтау үшін панельдік деректердің регрессиялық талдауы; өңірлік интеграцияға қосылу әсерін талдау; салалық және өңірлік бәсекеге қабілеттілікті бағалау;

– Панельдік деректерді регрессиялық талдау нәтижесінде әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингінде жоғары позицияларға жету үшін елдер жалпы капиталды қалыптастыру, жалпы факторлық өнімділік, еңбек өнімділігі, инфляция деңгейі, төлем балансы және жұмыспен қамту көрсеткіштерін жақсартуға назар аударуы керек деген қорытынды жасауға болады. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің мәніне сонымен қатар бақыланбайтын мұнайдың әлемдік бағасы және оның өсу қарқыны әсер етеді;

– Әлемдік мұнай бағасының экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ету дәрежесін бағалау үшін жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша мұнай бағасының өсуі елдердің бәсекеге қабілеттілігінің жаһандық индексінің төмендеуіне ықпал етеді деген қорытындыға келді. Сонымен қатар, жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің төмендеуі көбіне мұнай экспорттаушы емес елдермен салыстырғанда мұнай экспорттаушы елдер үшін орын алады;

– Синтетикалық бақылау әдісін қолданып жасалған талдау нәтижелері интеграциялық блок құрмағанда, Қазақстан мен ЕАЭО елдері арасындағы сауда ағындары шамамен 18,5% төмен болатындығын көрсетті. Мұнайдың әлемдік бағаларының құлдырауы, валютаның құнсыздануы, ЕАЭО елдері 2015-2016 жылдары тап болған санкциялар сияқты макроэкономикалық және геосаяси сипаттағы көптеген проблемаларға қарамастан, зерттеу интеграцияның қатысушы елдер арасындағы сауда ағындарына оң әсерін көрсетті;

– Салалардың анықталған салыстырмалы артықшылықтарын бағалау Қазақстан экономиканың төмен технологиялық салаларында бәсекеге қабілетті болып қалатынын және жоғары технологиялық дамыған елдердің шикізат қосымшасы болып табылатындығын көрсетті. Өңірлердің рейтингі өңірлік дамудың біртекті еместігін және өңірлер арасындағы өсу қарқынының күрт айырмашылығын көрсетті. Осы себептен орталықтандырылған өңірлік даму шаралары тиімсіз.

– Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін макроэкономикалық факторларды панельдік деректерді талдау және ел аралық бағалау нәтижесінде дамыған және дамушы елдерге экономикаларын әртараптандыру ұсынылды, бұл жалпы факторлық өнімділік пен еңбек өнімділігінің жоғары деңгейіне жетуге ықпал етеді. Сонымен қатар, пайдалы қазбаларды экспорттаушы елдерге ресурстардың қарғысына ұшырамау және шикізат бағаларының өзгеруіне тәуелді болмау үшін сату бағасының құбылмалылығын хеджирлеу, тұрақтандыру қорларын құру және қарқынды даму кезеңінде капитал ағындарын азайту ұсынылады.

– ЕАЭО-ға мүше барлық елдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша еуразиялық интеграцияның мүмкіндіктерін ескере отырып, келесі шаралар ұсынылды: сауда тарифтерін оңтайландыру, олардың күрделілігін төмендету, сондай-ақ сауда емес кедергілер деңгейін оңтайландыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру; көлік инфрақұрылымын дамыту, атап айтқанда көлік қызметі мен инфрақұрылымының сапасын арттыру; ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы студенттер мен қызметкерлердің өзара дайындығы; бәсекеге қабілетті салалардағы елдер арасында тәжірибе алмасу.

– Үш факторлы модель негізінде Қазақстан аймақтарының бәсекеге қабілеттілігін бағалау бәсекелік артықшылықтар мен жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, орталықсыздандыру және әр аймақ үшін өзіндік стратегия құру қажеттілігін көрсетті. Қазақстан аймақтарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін: «ақылды» мамандандыруларды анықтау; басқарудың ұлттық деңгейлері арасындағы тігіненге қарағанда

көлденең үйлестіру; қаржы және салық салу саласындағы жергілікті органдардың өкілеттіктерін кеңейту; ұлттық көмекші қызметкерлерге техникалық көмек, тағылымдамадан өту және әдістемелік нұсқаулар арқылы оқытуды қамтамасыз ету; жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы аймақтық саясатты қалыптастыру процесіне қатысуға азаматтарды тарту.

**Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңызы.** Зерттеу нәтижелерін мемлекеттік атқарушы құрылымдар мен ұйымдар экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруда қолдана алады. Алынған нәтижелердің мақсатты тұтынушылары: Ұлттық экономика министрлігі, Инвестициялар және даму министрлігі, Білім және ғылым министрлігі және басқа да ведомстволар.

Бұл зерттеудің теориялық әзірлемелерін экономикалық мамандықтарға арналған оқу-әдістемелік бағдарламаларды дайындауда және «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі» пәні бойынша курсты оқуда қолдануға болады.

**Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы.** Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижесінде анықталған негізгі бағыттарға күш-жігерді шоғырландыру арқылы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық саясатты жақсарту үшін пайдалануға болады.

**Зерттеу нәтижелерінің апробациясы.** Диссертациялық жұмыстың апробациясы оны іске асырудың барлық кезеңдерінде жүргізілді. Зерттеудің негізгі ережелері мен тұжырымдары келесі халықаралық конференцияларда талқыланды: 31st International Business Information Management Association Conference (Милан, 2018 ж.), Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби Әлемі» Халықаралық конференциясы (Алматы, 2018 ж.), 33rd International Business Information Management Association Conference (Гранада, 2019 ж.), E3S Web of Conferences (Алматы, 2020 ж.).

**Зерттеу нәтижелерінің жариялануы.** Диссертациялық жұмыстың нәтижелері 8 ғылыми жұмыста көрініс тапты, оның ішінде:

– International Journal of Energy Economics and Policy журналында 1 мақала, «Экономика, эконометрика және қаржы» бөлімінде Scopus мәліметтер базасында 88-перцентиль;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 3 мақала;

– Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары негізінде ғылыми мақалалар жинағында 4 мақала, оның ішінде 3 Scopus мәліметтер базасымен индекстелген.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық жұмыстың құрылымы қойылған міндеттерді шешудің алгоритмін және зерттеу тәртібін, логикасын көрсетеді. Диссертация мазмұны, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және екі қосымшадан тұрады.

Диссертациялық зерттеудің көлемі 121 беттен тұрады, оған 21 кесте мен 26 сурет кіреді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 126 дереккөзден тұрады.